

«Біздің тату отбасымыз»

Долин ауылдық округіне қарасты Шөптікөл негізгі орта мектебінде денсаулық апталығы аясында ерекше мазмұндағы шығармашылық байқау ұйымдастырылды. «Біздің тату отбасымыз» деп аталатын бұл іс-шараның мақсаты – отбасы құндылығын насихаттау, ұрпақтар арасындағы байланыс пен бірлікті арттыру, балалар мен ата-аналар арасындағы шығармашылық ынтымақтастықты нығайту.

Іс-шараның ұйымдастырушылары қатысушыларға түрлі қызықты әрі мазмұнды байқаулар дайындаған. Әр кезең отбасылардың бірлігі мен шығармашылық қабілетін көрсететін алаң болды.

Байқаудың алғашқы кезеңі «Визит карточкасы» деп аталды. Бұл бөлімде әр отбасы өздерін таныстырып, ұранын айтып, отбасылық елтаңбасын көрсетіп, ерекше креативпен таныстырылым жасады.

Келесі кезең «Халық даналығы оқылады» деп аталды. Бұл сайыста мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер ұсынылып, олардың мағынасын түсіндіру, өмірмен байланыстыру тапсырмасы берілді. Байқау тақырыбына сай «Отбасын құру оңай емес, оны сақтау одан да қиын» деген қағида әр қатысушының ойына ой салды. Отбасылар өзара бірлік пен сыйластықтың маңызын ұғына отырып, мақал-мәтелдерді күнделікті өмірмен байланыстырып, өзара түсіністіктің даналық

арқылы нығаятынын жеткізді.

«Сұлулық салоны» байқауы көңілді сәттерге толы болды. Аналар өз балаларына ерекше шаш үлгісін жасап, нағыз шеберлік танытты.

«Кімнің шеңбері тезірек жиналады?» атты қозғалмалы ойында балалар мен аналар бірлесе жұмыс істеп, шапшаңдық пен ұйымшылдықтарын көрсетті. Әр отбасы өз анасына қарай ұмтылып, мықты қарым-қатынасты дәлелдеді.

«Комплименттер» байқауы мейірім мен жылы сөзге толы сәттің бірі болды. Балалар анасына қарай жүріп, әр қадам сайын жүрекжарды сөздер айтты. Кейбір сәттерде сөз таба алмай тосылған балаларға аналар жалғастырып, отбасы арасындағы сүйіспеншілікті паш етті. Сонымен қатар спорттық кезеңдер де назардан тыс қалған жоқ. Балалар мен ата-аналар құрсаумен, доппен, арқанмен кедергілерден өтіп, саламатты өмір салтын насихаттады.

Мектеп әкімшілігі мен ұстаздар қауымы бұл іс-шараның балаларға да, ата-аналарға да рухани серпіліс сыйлағанын атап өтті. Іс-шара соңында мектеп ұжымы барлық қатысушыға алғысын білдіріп, отбасылар марапатталып, алғысхаттар мен естелік сыйлықтарға ие болды.

Майра НҰРЫМЖАНҚЫЗЫ,
Долин ауылы



«Отбасы — өнер ордасы»

Халықаралық отбасы күніне орай Шалқар ауылдық тағылымға толы кеш өтті. «Мерейлі отбасы» аудандық және облыстық байқауларының жүлдегерлері атанған үлгілі жанұя Тұяқовтар отбасымен кездесу кеші ауылдық мәдениет үйінде ұйымдастырылды.

Кеш шымылдығын Шалқар ауылдық округінің әкімі Шынтемір Қалиматұлы ашып, ауыл тұрғындарын Отбасы күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Ол өз сөзінде отбасы құндылығының қоғамдағы маңызына тоқталып, Тұяқовтар әулетінің ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі мен байқауда көрсеткен өнеріне жоғары баға берді. Мерекелік кеш барысында Тұяқовтар отбасы өздері дайындаған шығармашылық туындыларын таныстырып, байқау барысындағы әсерлі сәтін бөлісті. Олардың өнері мен

ұйымшылдығы көпшіліктің көңілінен шығып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Ауыл тұрғындары мен мекеме басшылары да бұл отбасыға жүрекжарды тілегін арнап, қуанышына ортақтасты. Сахна төріне көтерілген мәдениет үйінің көркемөнерпаздары әсем ән мен тәтті күйден шашу шашып, кештің көркін аша түсті.

Кеш соңында Сарыөмір мәдениет үйінің директоры Болған Меңдібайқызы сөз алып, «Мерейлі отбасы» байқауына белсене қатысып, үздік өнер көрсеткен Тұяқовтар жанұясына алғысын білдіріп, амандық пен бақыт тіледі. Сонымен қатар арнайы алғысхат пен естелік сыйлықтар табыстап, кездесуді қорытындылады.

Юлия АҚБЕРГЕНОВА,
Сарыөмір ауылдық мәдениет үйінің
мәдени ұйымдастырушысы



ТЕРЕКТИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ДОМ КУЛЬТУРЫ

«Terekti Band» бас жүлде иеленді

Аудандық мәдениет үйінің «Terekti Band» вокалды-аспаптық ансамблі Шыңғырлау ауданында өткен облыстық «Жайық әуендері» байқауында бас жүлдені жеңіп алды. Өнер ұжымының бұл жетістігі аудан ғана емес, аймақ мәдениеті үшін де үлкен мәртебе болды.

Мерейтойлық дода халықтық «Арай» вокалды-аспаптық ансамблінің құрылғанына 50 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Іс-шараға өңірдің әр түкпірінен келген вокалды-аспаптық ансамбльдер қатысып, өз өнерін ортаға салды. Байқау ережесіне сай әр ұжым үш ән орындады: қазақстандық композитор шығармасы (мемлекеттік тілде), еркін тақырыптағы ән және ретро кезеңдегі туынды. Қазылар алқасы қатысушылардың вокалдық, аспаптық шеберлігін, сахналық мәдениетін және репертуардың ерекшелігін бағалады.

«Terekti Band» ансамблінің шығармашылық жолы жетістікке толы. 1986 жылы құрылған ұжым қырық жылға жуық уақыт бойы мәдениет пен өнерді насихаттап келеді. 2019 жылы Казталов ауданында өткен байқауда III орын иеленсе, 2021 жылы Бөкей ордасында II орынға, сол жылы «Тәуелсіздікке тарту» облыстық байқауында I орынға қол жеткізді. 2022 жылы Тасқалада өткен «Әуен-саз» байқауында II орыннан көрінді. Ал 2024 жылы Қаратөбеде өткен өнер додасында Ескендір Хасанғалиев атындағы арнайы жүлдеге ие болып, көрермен ықыласына бөленді.

Қазіргі таңда ансамбльді тәжірибелі музыкант, гитара мен барабанда шебер ойнайтын Жанғали Қалбыров басқарады. Оның жетекшілігімен ұжым шығармашылық қарқынын күшейтіп, жаңа биіктерді бағындыруда.

Бұл жолғы байқауда да үздік өнерімен көзге түскен «Terekti Band» бас жүлдені жеңіп алып, өздерінің кәсіби деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді. Сонымен қатар I, II, III орын иегерлері анықталып, «Арай» БАА – 50 жыл» арнаулы жүлдесі табыс етілді. «Үздік соло гитара орындаушы», «Үздік бас гитара», «Үздік ұрмалы аспапта ойнаушы», «Үздік күйсандықта ойнаушы» және «Үздік әнші» аталымдары бойынша да өнерпаздар марапатталды. Бұл байқау өнерлі жастардың шабытын арттырып, шығармашылық ізденісіне жаңа серпін берген айтулы іс-шара болды.

Байқау соңында сахна шымылдығы жабылғанымен, «Terekti Band» орындаған әндер көпшіліктің жүрегінде ұзақ сақталды. Көрермен ду қол шапалақтап, ансамбль мүшелерін сахнадан зор қошеметпен шығарып салды. Бұл сәт – өнердің халықпен біте қайнасқанының дәлелі іспетті еді. Қырық жылға жуық тарихы бар ұжымның сахнадағы әрбір қадамы – туған жердің рухани болмысының айнасы. «Terekti Band»-тың жеңісі Теректі ауданы ғана емес, бүкіл Батыс Қазақстан өнерінің биікте тұрғанын көрсеткен оқиға болды.

Әдемі ТАЛҒАТҚЫЗЫ

СПОРТШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Аудан басшысы абыройлы ойын көрсетіп, жүлделі орындардан көрінген спортшыларды құттықтап, алғысхатпен марапаттады. Марапатталушылар қатарында Марат Мусин, Азамат Ибатов, Сабыржан Бақытжан, Бақдәулет Сламқұл, Нұрәділ Бұсырманов және Нұржан Құспанов сынды бапкерлер мен жеке спорт түрінен ойын көрсеткен білекті жігіттер бар. Олар шағын футбол, асық ату, жекпе-жек, волейбол сынды спорт түрлерінен бақ сынады.


Аталған жарыста республика деңгейінде Федоров ЖОББ мектебінің дене тәрбиесі пәні мұғалімі Нұрәділ Бұсырманов бозкілемде 84 келі салмақта жекпе-жекке шығып, 3-орынды қанжығасына бай-

ласа, «М. Тынышпаев атындағы АЛТ» АҚ энергетика және сандық технологиялар университетінің 4-курс студенті, шағын футболдан БҚО қақпашысы Сабыржан Бақытжан командалық ойында 3-орынға табан тіреді.

Кездесу барысында спортшы жігіттер жарыс кезінде алған әсерін жеткізіп, әңгімесін бөлісті. Ойыншылар ең көп делегация Батыс Қазақстан облысынан екенін алға тартты.

Аудан басшысы ауданымыздың абыройын көтеріп жүрген азаматтарға өз алғысын жеткізіп, сәттілік тіледі.

Қаламқас АМАНЖОЛҚЫЗЫ



«ӨНДІРІСТІҢ ҮЗДІК ЖАС ҚЫЗМЕТКЕРІ» АТАНДЫ

«Еңбек жолы – 2025» конкурсының облыстық кезеңі «Үздік еңбек әулеті», «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері», «Өндірістің үздік жас қызметкері» аталымдары бойынша өтті. Бұл конкурс жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу мақсатымен үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін анықтайды. Конкурс қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттыруға және «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұраны аясында еңбек өнімділігін ынталандыруға ықпал етеді.

Ауданымыздан «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» аталымы бойынша «Нұрберген» шипажайының шаруашылық меңгерушісі Светлана Омарова мен «Өндірістің үздік жас қызметкері» аталымында «Пойма-Май Комбинаты» ЖШС-ның зертханашы-химигі Нейля Игимова қатысты. Облыстық кезеңнен Нейля Әмірбекқызы 1-орын иеленіп, республикаға жолдама алды.

Өз тілшіміз

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: ДӘРІГЕР КӨЗІМЕН

Адам жанының арашашысы, дертіне дауа іздеп алдына барған жанның тауын қайтармайтын дәрігерлердің еңбегі ұшан-теңіз. Ондай жандар өзіміздің ортамызда да жүр.



3-бет

ТЫЛ АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ ПЕН ІЗЕТ

Ұлы Отан соғысы кезінде жерлес ер-азаматтарымыз қан майданға аттанып, соңғы демі қалғанша жан аямай күрессе, тылдағы еңбек те бір мезетке толас тапқан емес.



4-стр.

«БІЗДІҢ ТАТУ ОТБАСЫМЫЗ»

Долин ауылдық округіне қарасты Шөптікөл негізгі орта мектебінде денсаулық апталығы аясында ерекше мазмұндағы шығармашылық байқау ұйымдастырылды.



8-бет



ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ — БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН СЕНІМ

Теректі ауылында аудан әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынас бойынша және мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі консультативтік-кеңесші органдардың бірлескен отырысы өтті. Жиынға аудан әкімі Әлия Мұханбетжанова төрағалық етті.

Кеңеске үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, жастар жетекшілері және тиісті сала мамандары қатысты. Күн тәртібіне 2025 жылдың үшінші тоқсанына арналған бес мәселе енгізілді.

Алғашқы болып аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Жандос Сұңғатов баяндама жасады. Оның айтуынша, аудан бойынша сегіз үкіметтік емес ұйым тіркелген, соның төртеуі белсенді жұмыс істеп келеді. Олардың қызметі этносаралық келісімді нығайтуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, жастар мен балалар ұйымдарына қолдау көрсетуге, әйелдер мен гендерлік саясатты жүзеге асыруға, мүгедектерді қорғауға және жастарды теріс діни ағымдардан сақтауға бағытталған.

2025 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа бөлінген қаражат бес бағытқа жұмсалды. Оның ішінде жастар саясаты, этносаралық келісім, экстремизмнің алдын алу, сыбайлас жемқорлықпен күрес және мерекелік іс-шараларға арналды. Әр бағыт бойынша үкіметтік емес ұйымдар ондаған жобаны жүзеге асырды.

Кеңесте сөз алған «Сябры» белорус этномәдени орталығы қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мария Плетенная мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асқан жобалары туралы баяндады. Ол этномәдени келісімді нығайтуға бағытталған ән және би байқаулары, шығармашылық көрмелер, дөңгелек үстелдер мен түрлі мәдени шаралардың жастар арасындағы татулық пен достықты арттырудағы маңызын атап өтті.

Ақжайық ауылдық округінің жастар жетекшісі Мадина Сатқанбаева да ауыл жастарының белсенділігі туралы есеп берді. Ауылдық округке Абай, Талпын, «Ақжайық» шипажайы және Подхоз елді мекендері кіреді. Жалпы халық саны – 4080 адам, оның ішінде жастар – 1 166. Жастардың арасында 432 оқушы, 95 студент және 74 жұмыссыз жас бар. Жыл басынан бері бес жас тұрақты жұмысқа орналасып, он бір жас «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына, бір жас «Алғашқы жұмыс орнына» жолданды. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша бір жас баспанаға қол жеткізіп, бес жас көтерме ақы алды.

Жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін мәдениет және спорт мекемелерімен бірлескен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Жыл бойы мамандықтарға арналған кездесулер, ұлттық ойындар, сенбіліктер, мерекелік концерттер мен спорттық турнирлер өтті. Жастар күніне орай «Жігерлі жастық шақ»

атты концерт ұйымдастырылып, ол би кешімен аяқталды.

Аңқаты ауылдық округінің жастармен жұмыс жөніндегі маманы Сымбат Қажниязова өз баяндамасында жастардың демографиялық және әлеуметтік жағдайына тоқталды. Ауылдық округ халқы – 1081 адам, оның ішінде 265-і жастар. Жастардың ішінде 54-і студент, 57-сі мектеп оқушысы, екі жас әскери борышын өтеуде. Сонымен қатар 32 жас отбасы тіркелген. Жұмыспен қамту бағытында биыл екі жас тұрақты жұмысқа, бір жас «Алғашқы жұмыс орнына», екі жас қоғамдық ақылы жұмысқа, ал алты жас «Жастар тәжірибесіне» жолданды.

Мәдениет пен спорт саласында да белсенділік жоғары. Мәдениет үйі, кітапханалар мен мектеп базасында интеллектуалды ойындар, спорттық жарыстар және түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Жергілікті жастар аудандық және облыстық жарыстарда жұлделі орындардан көрініп жүр.

Кеңесте аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық басшысының міндетін атқарушы Дастан Төлеген де сөз алды. Аудан бойынша жастар саны – 9566. Оның ішінде мектеп оқушылары – 2029, студенттер – 1594, әскер қатарында – 79, кәсіпкерлер – 137, жұмыссыздар – 72, ал жұмыстағылар – 5 619.

Жыл басынан бері теолог мамандардың қатысуымен 14 кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға түсіндірме жұмысы жүргізілді. Заңгерлер 40-қа жуық жасқа кеңес берді. Жыл басында бөлінген 783 мың теңге қаржы толықтай игерілгенімен, жыл соңына дейін қаражат жеткіліксіз екені айтылды.

Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы 26 акция өткізілді. Оның ішінде «Әділетті Қазақстан – жастар таңдауы» акциясы, «Параға жоқ де!» челленджері, дөңгелек үстелдер мен рейдтік шаралар қамтылды. Сонымен қатар интеллектуалды ойындар, отбасы күніне арналған «Отан және отбасы» бағдарламасы, балаларға арналған подкасттар, спорттық турнирлер және «ADAL CAMP» ұйымдастырылды. Лагерьге аудан бойынша 60 жас қатысты.

Орталық алдағы уақытта жастар бастамаларын қолдау мақсатында жаңа жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Оның ішінде әлеуметтік желіге веб-сериалдар түсіру, тарихи орындарға арналған танымдық бейнероликтер шығару, жастарды қолдау мақсатындағы «Жұлдызды жастар» жобасы, акустикалық кештер мен жайдарман ойындарын өткізу жоспарланған.

Жиын соңында қатысушылар ұсынысын ортаға салып, пікір алмасты. Әлия Биғазықызы жастарды қолдау мен үкіметтік емес ұйымдармен әріптестікті дамытудың маңызын атап өтті.

Әдемі ТАЛҒАТҚЫЗЫ

«ЕҢБЕК ДАҢҚЫ — ҰРПАҚҚА АМАНАТ»

Аудандық мәдениет үйінде «Қазына» коворкинг орталығы мен жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық еңбек ардагерлерін ұлықтауға арналған «Еңбек даңқы – ұрпаққа аманат» атты кездесу кешін өткізді.

Іс-шара барысында аудан әкімінің орынбасары Темірболат Сағынгереев құттықтау сөз сөйлеп, аудан әкімінің атынан бірқатар еңбек ардагері мен сала мамандарына марапат табыс етті.

Кездесуде ардагерлер өз еңбек жолынан естелігін бөлісіп, жастарды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке және отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызын атап өтті.

Мерекелік нөмірлер кештің мәнін арттырып, еңбекті құрметтеу қоғамның мәңгілік құндылығы екені тағы да айқындалды.

Өз тілшіміз



БІР ТҮП АҒАШ — ЖАСЫЛ ӨМІРДІҢ БАСТАУЫ



Жуырда Теректі ауылында жалпы аудандық сенбілік өтті. Іс-шараға аудан әкімдігі, мәслихат, «AMANAT» партиясы, ішкі істер бөлімі, білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау мекемелері, мәдениет және спорт саласының қызметкерлері, сот пен прокуратура, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдар өкілдері қатысты.

Сенбілік аясында ауыл көшелері тазартылып, қоқыстар жиналды. Сонымен бірге көгалдандыру жұмысына ерекше көңіл бөлініп, саз мектебі артындағы тынымбаққа ағаш отырғызылды. Әр ұйымға белгілі бір аумақ бекітіліп, тазалық жұмысы толық орындалды. Қатысушылар өздерімен бірге қажет құралдарын ала келіп, ауылдың көркеюіне үлес қосты.

Айта кетейік, ауданда 20 қыркүйектен 10 қазанға дейін республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында абаттандыру, көгалдандыру және санитариялық тазалау айлығы жарияланған еді.

Әдемі ТАЛҒАТҚЫЗЫ



ОБЩЕ ДЕЛО РАДИ ПАМЯТИ

Жители трех сел Сарсеново, Шоптыколь, Алгабас (в шутку сельчане сами себя называют жителями США) в этом году приняли решение провести благоустройство общего кладбища, что находится на территории села Сарсеново. Эти работы на сегодня завершены. За долгие годы ограждение местами покосилось, а кое-где и вовсе сломалось, к тому же здесь накопился строительный и другой мусор. Организаторы, создав в вацапе группу «Вместе – сила», бросили клич на сбор средств ради благих работ. Три села – одна цель. Мгновенно откликнулись неравнодушные сельчане и их земляки, разъехавшиеся по разным городам большой страны. Собрались достаточно средств, чтобы закупить добротный материал и все необходимое для благоустроительных работ. Это была не просто общественная инициатива – это был акт памяти, уважения к усопшим и единения сельчан. Работы, начавшиеся с простого клича, обернулись в масштабный проект с ограждением, установкой ворот, бытовыми удобствами и, наконец, – садака в честь завершения.

Как всё начиналось

Работы стартовали в июне, сразу после намеченных смет и планов. Жители трёх сёл каждые выходные, а иногда и среди недели, собирались на кладбище в Сарсеново, чтобы убрать залежалый мусор и заменить сгнившие ограждения. С раннего утра закипала работа: кто-то – таскал тачки, кто-то – бурил ямы под столбы, кто-то – делал замеры.

Удивление и уважение вызвала одна-единственная девушка – Алена Сарсенова, работавшая наравне с мужчинами. Без лишних слов, с упорством и самоотдачей, она вручную расчищала ямы, не гнушаясь тяжёлой работы.

Пока мужчины трудились, женщины готовили вкусный обед, топили самовары. Перед трапезой, как правило, читались суры из Корана. А после – обсуждался план следующих действий.

От слов к делу

С каждым субботником круг участников расширялся. Приезжали земляки из Уральска, Актобе, Теректі, Подстепного, Аксая и др. Всё больше людей откликались: кто – делом, кто – техникой, кто – спонсорской помощью.

Аслан Досказиев закупил на собранные средства первую партию стройматериалов



– трубы, сетку-рабицу, инструменты. Позже его сменил Артур Молбасаров, который приобрёл и доставил ещё 25 рулонов сетки и 162 метра труб – всё на своей технике, безвозмездно. И вот неожиданность: на одном из сеток уже было птичье гнездо с яйцами – символ зарождения новой жизни, как будто сама природа благословила эту инициативу.

Контейнер и недостающий материал из Аксая сопроводил Амантай Кожамуратов. Контейнер, так сказать, жизненная необходимость. Это и ветрозащита, и склад, и в итоге – мини-хозяйственный блок, где позже вырезали окно, установили печку, сделали перегородки, поставили стол со стульями.

Когда погода не помеха

Даже в непогоду пенсионеры Алгабаса не сидели, сложили руки. В отсутствие молодёжи они подготавливали трубы, резали металл, бурили вручную. Особо активны были Молдабай Мергенов и Самигулла Кожамуратов – их вклад отмечался всеми участниками.

Позже, уже в августе, ими же были организованы сварочные работы по установке ворот, калиток, доработке печи, установке окон и дверей в контейнере. Поддержку оказал заведующий местной начальной школой Сакен Кдргалиев.

Финальный штрих

Ограждение протяжённостью в сотни метров полностью установлено. По периметру натянута сетка, добавлена проволока по вер-

ху – для защиты от снежных заносов. Столбы выровнены и забетонированы. Туалет установлен, контейнер обустроен, мусор убран. Последние участки окрашены.

Организационные задачи с первых дней координировала Акзидаш Мергенова. Именно благодаря её энергии, стойкости, вниманию к деталям и ходу работ, проект не только не застопорился, но и был доведён до конца, в срок.

Не просто ремонт, а объединение сердец

13 сентября у кладбища прошёл садака – в знак благодарности, уважения и духовного единения. Ночью небо, словно благословляя, полило слабым тёплым дождём. А потом – ясная погода и лёгкий ветер.

С утра женщины готовили еду, мужчины – устанавливали юрты. В юртах прозвучали суры из Корана, молитвы за упокой и благословения живым. Люди вспоминали прошлое, рассказывали о былых величиях трех соседних сел, делились историями, тепло говорили о своих усопших.

Аким округа Аскар Нурғалиев поблагодарил организаторов и всех участников, перечислив спонсоров и активистов. Из среды сельчан прозвучало предложение – не распускать группу «Вместе – сила», а продолжить традицию – на следующий год собрать средства и установить памятник ветеранам ВОВ из трёх сёл.

Благодарим всех, кто был с нами

В этом большом деле участвовали десятки людей:

активисты, пенсионеры, молодёжь, местные и приезжие. В первую очередь благодарность нашим сельчанам Молдабаю Мергенову и Самигулле Кожамуратову, которые не считаясь с личным временем, взяли на себя всю основную и тяжелую работу. Отдельная благодарность: Аслану Досказиеву, Артуру Молбасарову, Булату Абдрахманову, Есенбеку Беркалиеву, Амантаю Кожамуратову, Даурену Байбулову – за доставку, снабжение необходимым материалом; Альбаю Нарыкову, Фатиме Катабаевой – за спонсорскую помощь; акиму Богдановского сельского округа Аскару Нурғалиеву, управляющему ТОО «Акбас» Арману Гумарову – за предоставление транспорта; Аслану Бексултанову, Ербулату Аспендиярову, Николаю Соколову, Абдрахману Науханову, Сакену Кдргалиеву, Асхату Кенженову, Султану Ажимову, Балгерю Досказиеву – за активное участие в работах; Набие и Карлыгаш Бисеновым – за финансовую отчётность и прозрачность в документации; Алене Сарсеновой, Бижамал Ахметовой, Акзидаш Мергеновой, Акмарал Абдрахмановой, Жумажан Кдргалиевой, Мутайре Таскалиевой и другим женщинам ст. Алгабас – за организацию и полевую кухню.

Всем участникам чата «Вместе – сила» благодарность – за единение, финансовую поддержку и моральное участие. Мы можем многое, когда вместе. Кладбище – это не просто место. Это связь времён. Здесь каждый камень – память. Каждая молитва – путь к вечному миру.

Общее дело объединило тех, кто разъехался по разным уголкам страны. Дало почувствовать: мы – все еще вместе, одно большое дружное, созидательное общество. И пока есть такие дела, память жива, а корни – крепки.

«Вместе – сила» – это не просто название, а доказанная истина.

Жумазия КОЖАМУРАТОВА,
сельский библиотекарь ст.
Алгабас



Жасанды интеллект пен денсаулық сақтау: дәрігер көзімен

Адам жанының арашашысы, дертіне дауа іздеп алдына барған жанның тауын қайтармайтын дәрігерлердің еңбегі ұшан-теңіз. Ондай жандар өзіміздің ортамызда да жүр. Аудандық аурухананың дәрігері Эльвира Иманғалиевамен медицина саласындағы өзгерістер мен қоғамда орын алып жатқан өзекті тақырыптарға қатысты сұхбат жүргізіп, дәрігерлік мансабы туралы әңгімелестік.

— Эльвира ханым, өзіңіз туралы қысқаша айтып өтсеңіз.

— Мен Теректі аудандық ауруханасында дәрігер-кардиолог болып жұмыс істеймін, сонымен қатар 2025 жылдың қаңтарынан бастап емхана меңгерушісі қызметін қатар атқарып жүрмін. Кардиолог қызметін атқарып жүргеніме биыл сегіз жыл болды, жалпы тәжірибем — 16 жыл. Мен бүкіл дәрігерлік қызметімді осында — Теректі аудандық ауруханасында өткіздім. Сонымен қатар Федоров ауылы — менің туып-өскен жерім. Өз туған жерімнің игілігі үшін еңбек етіп жатырмын.

— Медицина саласына қалай келдіңіз?

— Бесінші сыныптан бастап оқу бағдарламасына ботаника, биология сабақтары қосылғанда менде биологияға деген сүйіспеншілік пайда болды. Ақырында, сегізінші сыныпта мен саналы түрде терапевт болу мақсатына ұмтылдым. 2009 жылы жалпы тәжірибелік дәрігер дипломын алып, 2010 жылы жалпы тәжірибелік дәрігер ретінде бір жылдық интернатураны аяқтадым. Бірақ туған ауылым Федоровқа келгенде ондай мамандық болмағандықтан, учаскелік терапевт болып 2014 жылға дейін жұмыс істедім. 2014 жылы аудандық аурухана тарай бастағанда Федоров ауылындағы №1 учаскені өз қолыма алып, бір жарым жыл жұмыс істедім. Мен тек отбасылық дәрігер болып қызмет атқармай, сонымен қатар үш жыл емхананы басқарып, әртүрлі позицияларды біріктіріп жүрдім. Кейін кәсіби патология бойынша қайта даярлау курсы аяқтап, 2018 жылы кардиология мамандығы бойынша кәсіби дайындықтан өттім. Сондай-ақ дәрігерлік-консультациялық комиссия төрайымы қызметін атқарып, күндізгі стационар дәрігері болдым. Ал кейінгі сегіз жылдан бері дәрігер-кардиолог қызметін істеп келемін.

— Еңбек жолын бастар кезде қандай қиындықтар кездесті?

— Кез келген жас маманның алдынан күтіп тұрған қиындықтар маған да кездесті, белгісіздік көп болды. Алайда жұмысқа кіріскен кезде Заида Кабулова, Татьяна Логовотовская, Гүлдана Өтешева сынды тәлімгерлерім болды. Сол кісілердің арқасында тәжірибе жинап, үйреніп кеттік.

— Президентіміз биылғы

Жолдауында жасанды интеллектіге көп көңіл бөлінетінін айтып өтті. Бұл жаңашылдықты медицинаға енгізуге сіздің көзқарасыңыз қандай?

— Жасанды интеллект көптеген салада, соның ішінде медицинада да енгізіліп жатыр. Кейбір оталар робот процедураларына көшкен. Роботтар оңалту жағдайында кеңінен қолданылады. Жасанды интеллект — біздің болашағымыз. Айта кетерлік, кардиология үшін автоматтандырылған түсіндірмелер әзірленген. Мұның бәрі — медицинадағы прогресс. Біз осындай жаңалықтарға оң көзқараспен қараймыз. Бұл — медициналық тәжірибеде дәрігерлерге үлкен көмек.

— Жақында Отбасы күні аталып өтті. Отбасын жоспарлау тақырыбы көтеріліп келе жатқанына бірнеше жыл болды. Сіздің ойыңызша, бүгінгі күнде оң өзгерістер бар ма?

— Отбасын жоспарлауға әйел адаммен бірге ер адам да қатар араласуы керек. Бірақ, шын мәнінде, отбасын жоспарлау кеңсесінің жұмысы ең алдымен әйелге бағытталған, ал ерлер жұбайы жүктілікке тіркелген кезде, тек АИТВ-ға (адамның иммун тапшылығы вирусы) тексерілуде ғана қатысады. Репродуктивті денсаулық тұрғысынан әйелдермен қатар, ерлердің де бедеулігі жиі кездеседі. Ерлі-зайыптыны сау жүктілікке дайындау бойынша жасалатын шаралар кезінде ерлерге скринингтік тест енгізу қажет. Қазіргі уақытта ер бедеулігі негізінен жасырын жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға байланысты. Осы идеяны жүзеге асырсақ жақсы болар еді. Әйтпесе сау ұрпақ дүниеге әкелу жауапкершілігі тек әйелдің иығына түседі де, ер адамдар сырт қалып жатады.

— Жалпы, өзге мемлекеттерде медициналық мектеп сынды жоғарғы сыныптарға арналған мамандыққа бағдарлау шаралары ұйымдастырылып, оқушылар өз мамандығын мектеп кезінен іздеп бастайды. Ал бізде, әдетте, грант үшін оқу немесе ата-ана қалауымен мамандық таңдап, кейін бұл саланы тастап кетіп жатады. Сіздің ойыңызша, елімізде мамандыққа дайындық жөнінде қандай өзгеріс болғаны дұрыс?

— «Талап» АҚ-да арнайы мектеп бар. Онда мектеп оқушылары кәсіптік бағдар алу үшін келеді. Олар жан-жақты түсіндірмелер өткізіп, бөлімдермен танысып, әр мамандық бойынша қысқаша ақпарат алады. Қазір кәсіптік бағдар беру мектептерде қолжетімді. Дәрігерлер неге басқа мамандықтарға кетеді деген сұраққа келсек, біріншіден, жұмыс жалақысы төмен, содан кейін ауыр психологиялық және эмоционалдық жүктемеге байланысты. Басты себеп — осы. Біздің кезімізде айтарлықтай, дәрігерлердің

басқа мамандыққа кетуі көп болған жоқ. Ал қазір жастар тез нәтижені қалайды. Тәжірибе мен дағды тек жылдармен келетінін ұмытып кетеді.

— Медицинада орнын тапқысы келетін жандарға, түлектерге қандай кеңес айтасыз?

— Ең алдымен медицина саласын ойлайтын кез келген адам адамгершілігі мол болуы керек. Өз басым осы мамандықты таңдаған кезде жалақым қандай болады деп ойламадым. Мен үшін жұмыстың қаржылық жағы екінші орында болды. Мен өзін-өзі дамытуға баса назар аудардым, өйткені медицина үнемі алға жылжуда және дәрігер үнемі білім алып отыру керек. Біз семинарларға, түрлі конференцияға жиі қатысамыз. Адамда білім алуға ниет, ықылас, қалау болуы керек және сіз медицинаны жақсы көруіңіз қажет. Әрине, менде дағдарысқа ұшыраған сәттер кездесті, өйткені медицинаны толығымен тастағым келді. Бірақ сол кезде анам біраз ойланып, оқуымды жалғастыруға көндірді. Мен сол қиын кезеңнен өтіп, оқуымды бітіріп, дипломды қолыма алдым. Ал қазір 16 жыл жұмыс істеп келемін.

Мен ештеңеге өкінбеймін. Өз мамандығымды жақсы көремін және бағалаймын. Мен жұмысқа адамдарға көмектесу үшін және әрбір кеңес пайдалы болсын деген мақсатпен барамын. Ең маңызды қағида бұл — «зиян келтірмеу». Дәл осы ұранмен жұмыс істейміз.

— Қоғамда дәрігерге жаны қысылғанда ғана баратын әдет бар. Ол қоғамдық көзқарасты, халық санасын қалай өзгертуге болады?

— Қазақстанда профилактикалық денсаулық сақтау ісі ақсап тұр, олқылықтар бар. Бізде 2010 жылдан бастап скринингтік бағдарлама жұмыс істейді. Сол бағдарламамен 15 жыл жұмыс істеп келеміз. Ал біздің халықтың көзқарасы бөлек. Саналы түрде денсаулығын тексертуге келетіндер аз.

Шындығында, халықтың ойлау жүйесін түбегейлі өзгертуіміз қажет. Өйткені бұл — ең алдымен олардың денсаулығы. Бірақ кейінгі жылдары бізде мықты психологтер жұмыстанып жатқанын атап өткім келеді. Егер біреу скринингтен өтуді қаламаса, психологпен кеңесу қажет. Бізге әдетте аурудың бастапқы кезеңінде емес, ауру өршіген кезде келеді.

Менің ойымша, әлеуметтік желілерді кеңінен ақпарат тарату керек. Жақында бізде «атеросклероз» апталығы болды. «Қан қысымыңды өлше, холестеринді анықта» акциясын ұйымдастырдық. Біздің қызметкерлер, денсаулық сақтау және сауықтыру медбикесі және әлеуметтік қызметкерлер жергілікті базарға барды. Және олар сол жерде жақсы жұмыс істеді. Барлығын қамтып, бейнеролик салып, тіпті Instagram



желісінде

республикалық деңгейге видеомыз таралды. Адамдарға біздің идеямыз ұнап қалған. Мұның бәрі аурудың алдын алу мақсатымен жасалды. Өйткені жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары елімізде өршіп тұр, ал атеросклероз — арудың басты себебінің бірі. Бұл акцияны сол мақсатпен ұйымдастырдық.

Біздің емханаға әдетте аурудың жіті сатысында және жұқпалы аурулармен ауыратын науқастар жиі келеді.

— Халық медицинасына сіздің көзқарасыңыз қандай?

— Халық медицинасы әрқашан дәстүрлі медицинамен қатар жүрді және жүреді. Біз дәлелді медицинамен айналысамыз және тек өз хаттамаларымызға сүйенеміз. Науқастар ашық жарақат кезінде дәрігерлерге емес, сынықшыларға жүгінеді, кейін асқынған кезде бізге қайта оралады. Мұндай жағдайлармен бізге келетіндер аз емес.

— Қазіргі кезде өте белең алып жатқан биологиялық белсенді қоспаларды қолдануға деген көзқарасыңыз қандай?

— Мен биологиялық белсенді қоспаларды қолдану жөнінде маман емеспін, алайда кардиологиялық дәрі-дәрмектермен биологиялық қоспаларды араластыруға, бірге қабылдауға болмайтынын айтып ескертемін. Өйткені қандай реакция болатыны белгісіз және туындайтын басқа салдарға мен жауап бере алмаймын.

— Сізге қойылмай қалған, өзіңіз айтқыңыз келген пікіріңіз бар ма?

— Басқа мемлекеттік қызметкерлер сияқты балабақшаға балаларымды беруде бізге ешқандай жеңілдік қарастырылмағаны сәл қынжылтады. Өкінішке қарай, медицина қызметкерлерінде ондай артықшылық жоқ.

— Сіздің өміріңіздің мәні неде? Өз өмірлік тәжірибеңізге сүйеніп, түйеніңізді бөлісіп кетсеңіз.

— Менің ойымша, өмірдің мәні — бірінші кезекте отбасы, екіншіден, жұмысың, өйткені жұмыс — екінші отбасы. Мен үш баланың анасымын. Мақсатым — балаларымды өсіріп, өзімді жақсы маман ретінде көрсету. Әрдайым білімді толықтырып отыруға мүмкіндік және уақыт табамын, өйткені заман ағымына сай бірге дамып отыру қажет. Ең бастысы, мен балаларымның еліміздің лайықты азаматы болғанын қалаймын.

— Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға көп рақмет! Халық алғысына бөлене беріңіз!

Сұхбаттасқан
Қаламқас САЯСАТОВА



Тыл ардагеріне құрмет пен ізет

Ұлы Отан соғысы кезінде жерлес ер-азаматтарымыз қан майданға аттанып, соңғы демі қалғанша жан аямай күрессе, тылдағы еңбек те бір мезетке толас тапқан емес. Ауыл шаруашылығындағы ауыр еңбекті арқалап келген ерлердің шайқас алаңына жұмылдырылуына байланысты қалған ауыр істің барлығын тындыру елде қалған қарияларға, әйелдер қауымына, одан қала берсе белі қатаймаған жасөспірім балаларға артылды.

Тылдағы күйбең тірліктің бел ортасында жүріп, шынашақтай кезінен еңбекке ерте араласқан тыл ардагерінің бірі – Мария Ибатова. Ол 1935 жылы 20 қыркүйекте Ресей Федерациясының Куйбышев облысында дүниеге келді. 1939 жылы отбасымен Теректі ауданы, Подстепный ауылына көшіп келген. 1941 жылы ата-анасы өмірден озып, 21 жастағы ағасы майданға аттанды. Мария Уахитқызы соғыс жылдары 7-8 жасынан бастап егістікке шығып, арпа, бидай орған. Қасындағы қатарлас бауырларымен және ауылдастарымен бірге еңбектеніп, өздері ашқұрсақ жүргеніне қарамастан тапқан азығын соғыстағы жан беріп, жан алысып жүрген жауынгерлерге жіберіп отырған. 1943 жылдан бастап өзінен бірер жас үлкен ағасы екеуі немере апасы мен немере ағасының қолында тәрбиеленді.

Осылайша ХХ ғасырдың ортасындағы ең қиын, ауыр кезеңді басынан өткізіп, иығына түскен ауыртпалықты көтеріп, жеңе білген, адал еңбекпен тапқан адал азықтың дәмін татқан, бүгінде ұрпағын Отанға, туған жерге аябай еңбек етуге тәрбиелеп отырған Мария әже 90 жасқа толды. Осы орайда тыл ардагерлерінің еңбегін ұмыт қалдырмай, бағалап, жастарға үлгі-өнеге болсын деген ниетпен және аса құрметпен Мария Уахитқызын ғасырға жуық мерейлі туған күнімен Батыс Қазақстан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің орынбасары (тәрбие және идеологиялық жұмыстар мәселесіне жетекшілік ететін), подполковник А. Жақыпов, Теректі ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник Р. Шарипаев және психологиялық жұмыс қызметінің бастығы, аға лейтенант Қ. Әділхан құттықтап, әжейдің естелік әңгімесін тыңдап, ақ батасын алып келді.

Г. ИМАШЕВА,
Батыс Қазақстан облысы қорғаныс істері
жөніндегі департаментінің ардагерлермен
жұмыс қызметі инспекторы



Жетістікке жетуді мақсат тұтқан шәкіртім

Әр мұғалім үшін шәкіртінің талабын ұштап, жетістігіне куә болу – үлкен қуаныш, баға жетпес бақыт. Сондай қуаныш сыйлап, өз ісіне жауапты, спорт пен өнерді қатар алып жүрген шәкіртім – Подстепный ауылының тұрғыны Аңсар Орынбасаров.

Подстепный №1 ЖОББ мектебінің табалдырығын 2017 жылы аттаған Аңсар қазіргі таңда Подстепный №2 ЖОББМ білім ордасында білім нәрімен сусындап жатқан жайы бар. Қай білім ордасында білім алса да, ұстаз үшін шәкірті болып қалады. Аңсар Орынбасаров – спортқа етене жақын, күрес бойынша түрлі жарыста үздік нәтиже көрсетіп жүрген белсенді жас. Жеңіске деген жігері, төзімі мен еңбекқорлығы оны алға жетелейді. Тек дене шынықтырумен шектеліп қалмай, актерлік шеберлікке де қызығушылық танытып, сахнада түрлі кейіпкерді сомдап, көрермен көңілінен шығып жүр. Шеберлік танытып, ойын жеткізе білетін, мектепішілік, аудандық іс-шараларды рөлдерді сенімді алып шығып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп жүрген талантты оқушылардың бірі. Аңсар өзіне тапсырылған жұмысты өте үлкен жауапкершілікпен жасап, барлық қырынан өзінің жан-жақтылығын танытып келеді. Мектеп өмірінде де үлгілі оқушы, жолдастарына үлгі болар мінезі, тәртібімен дараланады. Көпшілікпен тез тіл табысып, ортаға тез бейімделіп кетеді.

Саналы ұрпақ қатарынан болу – әр ата-ананың еңбегінің жемісі. Аңсардың



ата-анасы баласын еңбекке, шығармашылыққа баулудың нәтижесін көруде. Әрдайым мектепте де, қоғамдық іс-шарада да ата-ана мектеппен бірге біте қайнасып, белсенділік танытып, баласына үлкен талап қоя білді. Соның нәтижесінде бүгінде Аңсар күрес бойынша да үлкен белесті бағындырып, жетістікке жетті. Аңсардың спорт саласындағы жеке бапкері – Қанат Дінғұатов. «Қадыр оқулары» облыстық байқауы, Махамбет шығармаларын жатқа айту сайысында 2, 3-орын иеленген. 2025 жылдың қыркүйек айында ұйымдастырылған облыстық «Абай оқулары» байқауының алғысхатымен марапатталды.



Кейіпкеріміз – дзюдо күресінен бірнеше дүркін облыс чемпионы, республикалық жарыстардың жеңімпазы мен жүлдегері атанып, бірінші орындарды жеңіп алған. Орал қаласында өткізілген қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы «БАЛА БАРЫСЫ» ашық турнирінде «Көрермен көзайымы» аталымына ие болған үздік спортшысы. 2024-2025 оқу жылының қорытындысына сәйкес мектеп өміріндегі өзінің білімімен және спорттағы табыстымен, шығармашылық жолында жоғары нәтижесімен ерекше жетістікке жеткен, «Үздіктер шеруі» марапатының дарынды оқушысы. Жазғы демалыс лагерінің «Ең үздік тиктокер» аталымымен Аңсар Орынбасаров марапатталды. Аңсардың актерлік шеберлік бойынша да мектеп сахнасында бірнеше кейіпкерді сомдап, Жаңа жыл мерекесінде бастауыш сынып оқушыларына арналған ертеңгілікке қатысып, ертегілер сайысында жүлделі орын алып, шеберлік танытты.

А. Орынбасаров биылғы жаз мезгілінде уақытын бекер өткізбей, керісінше, тиімді пайдаланып, «Мобилография негіздері» курсына толық аяқтап, арнайы сертификат табысталды. Аудандық «Менің отбасым – байлығым» атты байқауда алғысхатпен марапатталды. Осындай жан-жақтылығымен танылып келе жатқан шәкіртіміздің болашағынан үлкен үміт күтеміз. Биік белесті бағындыруына тілекшіміз. Ұстазының мақтанышы – шәкіртінің жетістігі.

Нұрғұл АСҚАРОВА,
Подстепный №1 ЖОББМ-ның сынып жетекшісі,
Нуршат БАУБЕКОВА,
Подстепный №2 ЖОББМ-ның сынып жетекшісі

Жұмыс бар, жұмысшы жоқ

Жуырда аудандық әкімдігі ғимаратының алдында мансап орталығының ұйымдастыруымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді.

Аталған жәрмеңкеге бос жұмыс орындарын ұсынып, «Теректі ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, Федоров қазақ жалпы орта білім беретін мектебі, «Теректі ауданы білім беру бөлімінің балалар шығармашылығы үйі» МКҚК, «Теректі аудандық ауруханасы» ШЖҚМҚК, «Батыс Қазақстан аймақтық электр желілік компаниясы» ЖШС, Теректі ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі, сонымен қатар алимент төлеушілер мен бұрын сотталғандарды жұмыспен қамтуға көмектесу мақсатымен БҚО өңірлік жеке сот орындаушылар палатасы қатысты. Алайда жұмыс іздеп келген адам саны аз болды. Аудандық мансап орталығының құрылымдық бөлімше басшысы Дархан Мұхамбетовтің берген мәліметіне сүйенсек, әлеуметтік сала бойынша бірнеше мемлекеттік бағдарлама аясында халықты жұмыспен қамту бағытында мемлекеттік қолдау көрсетіліп, жұмыс атқарылып жатыр. Сондай-ақ Теректі ауданы бойынша 12 ауылдық округтердегі бос жұмыс орындары тізімі жасақталған.

– Биылғы жоспар бойынша бұл жәрмеңкені үшінші рет өткізіп отырмыз. Көпшілік шоғырланған жер Подстепный ауылы болғандықтан, халық сол жерге жақсы жиналады. Бүгінгі күнде Теректі ауылында 120 жұмыссыз тіркелген. Олардың ішінде 60-70 адам әлеуметтік көмек (пособие) алады. Біз жұмыссыздар санын әрдайым бақылап, өткен жылмен салыстырып отырамыз, – деді Дархан Мұхамбетов.

Бөлімше басшысының ақпаратынша, әлеуметтік жұмыс орындары бойынша жоспар – 67 орын, орындалуы – 63 орын немесе 94 %. «Күміс жас» бағдарламасына сәйкес жоспар – 40 орын, орындалуы – 39 орын, жалпы жоспар 97,5 % орындалған. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша жоспар – 160 орын, орындалуы – 86 орын, жоспар 53,8 % құраса, «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы негізінде жоспар – 21 орын, орындалуы – 19 орын, жалпы 90,5 %. Сонымен қатар қысқа мерзімдік оқыту бойынша жоспар – 35 адам, орындалуы – 19 адам, барлығы – 54,3 %.

Алайда аудан бойынша жұмыссыздар саны 918 адамға жетіп отыр. Жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,4 % құрайды: 2024 жылы 906 жұмыссыз тіркелсе, (4,3 %), 2023 жылы 920 адамды құраған (4,4 %). Жәрмеңке ұйымдастырушыларының сөзіне сүйенсек, жұмыссыздық деңгейінің объективті өсу себебінің бірі медициналық көмек алудағы жеңілдіктер мен мемлекет тарапынан төленетін жәрдемақы және жұмысынан айырылуына байланысты төленетін жәрдемақы алу үшін халықтың жұмыссыз ретінде тіркелуі болып отыр.

Өз тілшіміз

